Психология ғылымында мотив, мотивация мәселесі жан жақты зерттелген феномен болып табылады. Л.И. Божович мотивацияны өз зерттеулерінде мынадай психологиялық ұғымдармен байланыстыра зерттеп тұлғаның талап-тілегі, ниеті, құштарлығы, қызығушылықтарымен қатар қойса, Е.П. Ильин мен Х.Хекхаузен тұлғаның қажеттіліктері мен талаптары, епіліктері мен қабілеттіліктері, П.А. Рудик ойлау мен сезімді мотивпен байланыстра зерттеген. Ал, К.К. Платонов психикалық үрдістер, психикалық көңіл күй мен тұлғаның даралық ерекшеліктері мен қасиеттерінің жиынтығын мотивациялық өріс шеңберінде қарастырған. С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.Маслоу мен К.Виллюнас тұлғаның қажеттіліктері мен әлеуметтік бағыттылығымен байланыстырса, ал, В.С. Мерлин мотивацияны тұлғаның ниеттеніп, іс-әрекетке мақсаттана бағытталуы, Л.И. Анциферова адамның мотивтерін оның құндылықтарымен, К.А. Абульханова-Славская өмірлік стратегияларымен байланыстыра зерттеген.

Білім алушылардың білім сапасын психологиялық тұрғыда теориялық және эксперименталды негіздеуде, оның ғылыми принциптерін жасаған кеңестік психологтар Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Н.Ф. Талызина т.б. Бұл теориялар білім беру жүйесінде маңызды орынға ие болып, көп жылдар бойы білім алушылардың сапалы білім алуына, оқу мотивациясын жоғары деңгейге көтеруге, танымдық іс-әрекетті үйлесімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. А.А. Реан, Е.П. Ильин, Л.И. Божович, А.К. Маркова танымдық мотивацияның гендерлік айырмашылықтарын зерттей отырып, әр бір жас кезеңінде өзіндік ерекшеліктерін анықтаған.

Қазақстандық психолог ғалымдар С.М. Жақыпов, Ж.Ы. Намазбаева, Қ.Б. Жарықбаев, Х.Т. Шерьяздановалар еңбектерінде білім алушылардың оқу мотивациясы мәселесі кеңінен зерттеліп, профессор С.М. Жақыповтың біріккен диалогтық танымдық іс-әрекеттегі мотивация, профессор Ж.Ы. Намазбаеваның жеке адамның әлеуметтік-танымдық дамуы тұжырымдамалары жасалды. Х.Т. Шерьязданова, Г.М. Касимова әр түрлі мамандықтарда оқитын студенттердің оқу мотивациясының гендерлік ерекшеліктерін зерттеген.

Жалпы психологиялық контексте мотивация күрделі бірлестікті, субъектілік қажеттіліктер, қызығушылықтар, құмарлықтар, мақсаттар, мұраттар түрінде көрінетін және де тікелей адамзат іс-әрекетінің детерминациясын анықтауға мінез-құлықтың қозғаушы күштерінің бірлігін білдіреді. Түпкі мағынасында, мотивациялық өрісі тұлғаның көптеген ішкі қасиеттерін біріктіретін күрделі құбылыс. Мотивация осы көзқарас тұрғысынан тұлғаның өзегі ретінде түсіндіріледі, оның іс-әрекетіне, мінез құлқына бағыттылық беріп, құндылық бағдары, ұстанымдары, ерік-жігері сияқты қасиеттерінің сапаларын анықтайды. Бір сөзбен айтқанда тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мінездемелерін топтастырады. Осылайша, әртүрлі тұрғыдан қарастырыла отырып, мотивация көптеген ғалымдардың зерттеуінде адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқының детерминациясы ретінде әлеуметтік-психологиялық факторлардың жүйесі, жиынтығы ретінде қарастырылып, тұлғаның психикалық өмірін құрайды.

Жас өспірімдік кезең студенттік кезеңмен қатар келеді. Мектеп оқушыларымен салыстырғанда студент жастардың оқу мотивациясында едәуір өзгерістер пайда болады, оған әлеуметтік-психологиялық себептері мен қатар гендерлік айырмашылықтар да ықпал етеді. Жасөспірім шақтағы ұлдарда да қыздарда да психикалық дамуының ішкі және сыртқы факторлары ретінде әлеуметтік белсенділік, қоғамдық мәртебе мәселесі жетекші рөлге ие болады, кемелдік сезімі қалыптасады, өзінің, ересектердің, құрдастарының ішкі жан дүниесіне үңіліп, өздерінің құндылықтар жүйесін, танымдық қызығушылықтар өрісінің кеңейтуге талпынады.

Гендерлік өзгешеліктерді зерттеу арқылы «ерлер» мен «әйелдер» мәселесін шешуде салауатты шешім қабылдау, олардың табиғи ерекшеліктерін ескеру, қоғамдық ортада үйлесімді өздерін жүзеге асыру болып табылады.

Г.И. Шукинаның ойынша, өзара әрекеттесу, қарым-қатынаста эмпатиялық қабілетті білдіру қыздарда жоғары болса, ер балаларда ұстамдылық, логикалық-аналитикалық қасиеттер басым келеді. Қыздар өзге адамның көңіл күйін дауыс тембрі, экспрессивті көріністері арқылы түсіне біледі, өзге адамға ықпал ету тиімділігін анықтай алады. Қыздар басқа адамдарды бағалау кезінде ерлерге қарағанда едәуір мейірімді, эмпатиялы болып келеді. Студенттік кезеңде гендерлік өзгешеліктер анағұрлым айқындалады. Осы жас кезеңінде гендерлік түсінік жыныстық рөлді ұғынып, қабылдаумен және кейбір студенттердің отбасын құрып, ата-ана атануы, жаңа гендерлік рөлдерге ие болуы маңызды гендерлік қасиеттердің нышандарын қалыптастыруға негіз береді.

Студенттердің оқу-танымдық мотивтерінің гендерлік ерекшеліктерін зерттей отырып, автор, оқу әрекетінде көрінетін «әлеуметтік мотивтер», яғни, ұжым алдындағы жауапкершілік, қоғамдық ортада маңызды мәртебеге ие болу, стипендияны иелену т.б. жетекші орынға көтерілетінін анықтаған [1, 351с.].

С.И. Самыгинаның ойынша, студенттердің оқу мотиві оның таңдаған мамандығына, жоғарғы оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне және болашақта өзін-өзі кәсіби жүзеге асыру үшін анықтаған мақсаттары мен міндеттері шешуші рөл атқарады. Дегенмен, автордың ойынша, кейбір студенттер мамандық таңдауға жеңіл-желпі қарап, оқуға түскеннен кейін өзінің кателескенін түсінген жағдайда, олардың оқу мотивациясы күрт төмендейді, ал енді біреулері оқу-тәрбие үрдісінде кездескен қиындықтарды еңсере алмауына байланысты оқу үрдісін тоқтатады. Мұндай келеңсіз жағдай ұлдардың да, қыздардың да арасында кездеседі [2, 118]. М.В. Чураковтың пікірінше, студенттерді түрлі қоғамдық ұйымдар, спорт, өнер, еңбек сияқты қызмет түрлеріне жұмылдыра арқылы әлеуметтік қызығушылықтарын көтермелей отырып, оқу-танымдық мотивациясын жандандыру мәселесін көтереді. Қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерді орындау кезінде студенттердің әлеуметтік қажеттіліктері қанағаттануы нәтижесінде әлеуметтік маңызды іс-әрекеттерді орындауға саналы түрде ұмтылады, үйлесімді қарым-қатынас орнатуға, беделді мәртебеге ие болуға, оқу үрдісінде өзінің дербестігі мен қабілеттерін көрсетуге, оқу іс-әрекетіне қызығушылығын оятуға жағдайлар тудырады [3, 121]. Дегенмен, Л.И. Столярчук, С.А. Коробкова өздерінің зерттеулері бойынша қыз балалардың ер балаларға қарағанда оқу саласында болсын, әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерге қатысуда да белсенділігі жоғары болып, олар белгілі бір әлеуметтік мәртебеге ие болуға

тырысуы жоғары екендігін анықтаған [4, 45-51].

Студенттердің оқу-танымдық мотивациясы оқытушылардың өз пәнін оқытуда белсенді оқыту технологияларын, шығармашылыққа бағыттайтын оқу тәсілдерін қаншалықты көп қолданса, студенттердің де сол бейінді пәнді оқуға қызығушылықтары соншалықты артады. Сонымен қатар, студенттердің өзіндік оқу мотивациясын көтеруге ықпал ететін негізгі амалдардың бірі – студенттің қызығушылықтарын ескере отырып, шығармашылық тапсырмаларды беру, болашақ мамандығына сәйкес өндірісте жобалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмылдыру, оның өзіндік шығармашылық, танымдық іс-әрекеттер орындауына негіз беретін тапсырмаларды беру болып табылады.

Студенттік кезеңде жоғары білім алу және қызықты танымдық іс-әрекеттер жасау тән. Сондықтан да оқу мотивациясын белсендіруге, қалыптастыруға ықпал ететіндей оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, мамандығы бойынша беделді адамдармен кездесулер өткізу, қоғамдық-тәрбие жұмыстарын өткізуде олардың пікірін ескеру маңыздылығын ескеру қажет.

### 3. Нәтижелер мен талқылау

Тұлғаның гендерлік ерекшеліктерін теориялық, эмпирикалық зерттеу әрбір жас кезеңіндегі ұл бала мен қыз балада жыныстық сәйкестікке сай келетін психологиялық қасиеттері мен әлеуметтік бағыттылығының жиынтығын анықтауға мүмкіндік берді.

Студенттердің оқу мотивациясының гендерлік ерекшеліктерін зерттеу мақсатында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Психология» мамандығында оқитын студенттермен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысына 52 студент қатысып, гендерлік ерекшеліктері бойынша екі топқа бөлінді. Зерттеу нәтижелерін келесі психодиагностикалық әдістемелер арқылы алынды: «Студенттердің оқу мотивациясын зерттеу» (Т.И. Ильина), «Танымдық қызығушылықтар мен шығармашылық белсенділікті анықтау» (Е.Е. Туник) және «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» (Б.Басса) әдістемесі қолданылды.


Зерттеу жұмыстарының нәтижесі келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

«Студенттердің оқу мотивациясын зерттеу» (Т.И. Ильина) әдістемесі студенттердің «білімді меңгеру», «мамандықты игеру», «диплом алу» шкалалары бойынша оқу-танымдық белсенділіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Студенттердің берген жауаптарын гендерлік ерекшеліктері бойынша салыстырмалы талдау нәтижесінде «білімді меңгеру», «мамандықты игеру» шкалалары бойынша қыздардың көрсеткіштері жоғары болды. Олай болса, білім алуға ұмтылу, кәсіби білімге қызығушылық таныту, кәсіби білімді игеруге және болашақ кәсібіне сәйкес маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ұмтылу қыздарда ұлдарға қарағанда басымырақ болды. Қыздар өздерінің болашақ мамандықтарына, кәсіби дайындығына жауапкершілік танытады, дегенмен, кейбір студенттердің берген жауаптары өте жоғары оқу мотивациясын байқатса, енді біреулерінің көрсеткіштері орташа диапазонда орналасты. Сондықтанда зерттеу жұмысына енген барлық қыздардың оқу мотивациясы жоғары деп айтуға болмайды. «Диплом алу» шкаласы бойынша ұлдар мен қыздардың көрсеткіштері арасындағы айырмашылық шамалы, яғни зерттеу тобындағы студенттер жоғарғы оқу орнын аяқтап, диплом алуға тырысады. Оны төмендегі 1 суреттен көруге болады:




Сурет 1. Студенттердің оқу мотивациясын зерттеу (Т.И.Ильина)

Келесі қолданылған әдістеме «Танымдық қызығушылықтар мен шығармашылық белсенділікті анықтау» (Е.Е. Туник) әдістемесі. Әдістеменің мақсаты: респонденттердің білім алуға деген талпынысын, шығармашылық белсенділігін, білімді меңгеруде күрделілікті ұнату, белгісіз ақпаратты танып білуге, игеруге деген қызығушылық, тәуекелділікке бел буып, танымдық әрекеттер жасау мүмкіндіктерін анықтау. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері «білімге құмарлық», «қиял», «тәуекелділікке бейімділік» шкалалары бойынша қыздардың көрсеткіштері жоғары болды. Олай болса, қыздар ұлдарға қарағанда кәсіби жан-жақты білім алуға, шығармашылық танытуға, пәндер бойынша белгісіз ақпараттарды өзінен іздеп табуға, оқу әрекетінде кездесетін қиындықтарды жеңуде тәуекелділікке, шешім қабылдап әрекет етуге дайындығының басымдығын көрсетеді. Дегенмен алғашқы әдістеменің көрсеткіштеріндей қыздардың жауаптарының арасында орташа көрсеткіштерге ие болса, ұлдардың жауаптарында да жоғарғы көрсеткіштер кездесті. Бірақ, орташа есеппен алғанда қыздардың көрсеткіші ұлдарға қарағанда жоғары диапазонда орналасты. Ұлдар қыздарға қарағанда «күрделілікті ұнату» шкаласы бойынша біршама жоғары көрсеткішке ие болды. Жауаптарды талдау барысында төрт студент осы шкала бойынша өте жоғары ұпай таңдаған. Гендерлік ерекшеліктері бойынша қыздар жетістіктерін ашық, эмоционалды қабылдаса, ұлдар сабырлылық, ұстамдылық танытады. Мұны зерттеу жұмыстарының нәтижелері де байқатады. Оны төмендегі 2 суреттен көруге болады.



Сурет 2. Е.Е. Туниктің «Танымдық қызығушылық және шығармашылық белсенділікті анықтау» әдістемесінің нәтижелері

Үшінші қолданылған әдістеме «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» (Б.Басса). Әдістеменің мақсаты зерттеу жұмысына қатысушы респонденттердің «өзіне», «қарым-қатынасқа», «іс-әрекетке» деген бағыттылығын анықтау. Төмендегі суреттен көріп отырғанымыздай қыздардың «өзіне», «іс-әрекетке» бағыттылықтары ұлдарға қарағанда жоғары көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 3. «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» (Б.Басса) әдістемесінің нәтижелері



Олай болса, қыздар өздерінің ішкі потенциалдық мүмкіндіктерін ашуға, оны оқу-танымдық іс-әрекетте қолдануға, оқу әрекетінде жетістіктерге жетуге тырысуы ұлдарға қарағанда басымырақ. Студенттік кезде жастардың құндылықтар жүйесі белсенді дамиды, қоғамдық ортадағы әлеуметтік мәртебесі, болашақ кәсібі бойынша тұлғалық қасиеттерін дамыту мәселелеріне көңіл аударады. Студенттердің ішкі жан дүниесін байытуға, дүниетанымын кеңейтуге итермелейтін әлеуметтік мотивтері мен танымдық қызығушылықтары болып табылады. Осындай қасиеттер ұл балалардың арасында да кездесті, оны біз ұлдар мен қыздардың нәтижелерін салыстыра талдауда байқадық, екі көрсеткіштің арасындағы айырмашылық онша үлкен емес. Қыздардың арасында орташа, орташадан төмендеу көрсеткіш 2 студенттен кездессе, ұлдардың арасында 4-5 студенттен кездесті. Сондықтанда қыздардың оқу мотивациясы, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық белсенділігі ұлдарға қарағанда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

#### 4. Қорытынды

Қазіргі кезде өскелең ұрпақтың интеллектуалдық, шығармашылық дамуы өзекті мәселелердің қатарында тұрса, олардың гендерлік ерекшеліктеріне байланысты қоғамдық ортадағы рөлі мен қызметтері де бүгінгі күні адамзат өмірі үшін маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтанда қазіргі кезде жастардың әлеуметтік-психологиялық дамып қалыптасуына мемлекет жағынан да, қоғамдық қауымдастықтар жағынан да үлкен көңіл бөлінуде. Әрине, тәрбиелі ұл мен қызды қалыптастыратын ең алдымен отбасы. Дегенмен, бала тәрбиесін тек отбасының ісі деп қарамай, қазіргі кезде қоғамдық институттар жастар тәрбиесіне, олардың интеллектуалдық дамуына, әлеуметтік-психологиялық жағынан салауатты өмір сүруге көмектесетін іс-шаралар ұйымдастырып, оған жастарды араластыруда.

Болашақтың иесі ретінде жас өспірім жастардың білім деңгейі жоғары, санасы ашық, білуге деген құштарлығы мен өзін-өзі жетілдіруге, өз еркімен білімін әрқашанда толықтыруға деген ынтасы оларды өмірдің әр кезеңінде кездесетін қиындықтар мен сынақтардан өтуге мүмкіндік береді.

Психолог ғарымдар В.И. Слободчиков, А.В. Петровский, Е.П. Ильин, А.К. Маркова, В.М. Матюхина, А.А. Реан, Х.Т. Шерьязданова, Б.А. Амирова т.б. студент жастардың танымдық қызығушылықтары мен оқу мотивациясының жоғары болуы ұстаздардың кәсіби шеберлігі мен педагогикалық үйлесімді қарым-қатынастың ролін жоғары бағалаған. Олар өздерінің кәсіптік іс-әрекетінде жас өспірімдердің жас, дара, гендерлік ерекшеліктерімен қатар әлеуметтік-психологиялық даму жағдаяттарын ескере отырып, ынталандыра алу, оқуға деген қызығушылықтарын көтеру мен қатар студенттердің өзін-өзі дамыту, жетілдіру қажеттіліктерін де ынталандырудың маңыздылығын атап көрсеткен.

Жас өспірім шақта қыз балалардың оқуға деген танымдық қызығушылықтары ұлдарға қарағанда жоғары келеді. Оны ғылыми әдебиеттерге жасаған теориялық талдаулардан да, жүргізілген эмпирикалық жұмыстардың нәтижелерінен де байқадық. Табиғаты жағынан қыз балалар ұлдарға қарағанда биологиялық, әлеуметтік-психологиялық дамуы бойынша алда болады. Жас өспірім шақта қыздар болашақ туралы көп ойланады, мамандықтары бойынша тұлғалық, кәсіби қасиеттерді өз бойына дамытуға тырысады.

Студенттер әлеуметтік құбылыстарға, тылсым дүниенің құпияларына үлкен қызығушылық танытады. Бұл қызығушылықтардың жауабын білімнен, ғылымнан іздейді. Қазіргі кезде көптеген студенттер интернет арқылы өздерінің осындай қызығушылықтарына бағыт-бағдар алады, жобалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Сонымен бірге, өзінің ішкі жан дүниесін қызығушылық танытып, ішкі мүмкіндіктерін жетілдіруге, дүниетанымын кеңейтуге, өзіндік «Мен» бейнесін байытуға тырысады.

#### Әдебиеттер тізімі

Шукина Г.И. Проблема познавательного интереса в образовании / М., – 2011. – 351 с.

Самыгина С.И. Формирование положительных мотивов учебно-познавательной деятельности у студентов младших курсов / М.: Изд-во МГПУ, – 2007. – 138 с.

Чураков М.В. Формирование познавательной активности студентов в системе дополнительного образования / Самара, – 2018. – 197с.

Столярчук Л.И., Коробкова С.А. Обучение и воспитание студентов в поликультурной среде вуза: гендерный подход / Воронеж. Изд. ВГПУ, – 2017. – с. 40-44.

**КАИРОВА, Б.К., ИБРАЕВА, Р.Ж.,  
ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ**

*В статье теоретически проанализированы и эмпирически исследованы гендерные особенности учебной мотивации студенческой молодежи. В теоретическом анализе рассматривалась учебная познавательная мотивация зарубежных, российских, отечественных ученых и ее гендерный аспект. В соответствии с темой эмпирического исследования были выбраны психодиагностические методики и проведена исследования со студентами. Результаты исследования выявили гендерные особенности студентов, вошедших в исследовательскую группу по показателям «овладение знаниями», «овладение профессией», «жажда знаний», «воображение», «выбираю сложные» «направленность на деятельность», «направленность на раскрытие своих внутренних возможностей».*

**Ключевые слова:** учебно-познавательная деятельность, познавательная активность, гендер, гендерные различия, гендерное равенство, гендерное образование, мотив, мотивация.

**KAIROVA, B.K., IBRAEVA, R.ZH., SATKANGULOVA, G.ZH.,  
GENDER FEATURES OF STUDENTS ' LEARNING MOTIVATION**

*The article theoretically analyzes and empirically studies the gender characteristics of the educational motivation of students. The theoretical analysis considered the educational cognitive motivation of foreign, Russian, and domestic scientists and its gender aspect. In accordance with the topic of the empirical study, psychodiagnostic methods were selected and studies were conducted who were included in the research group according to the indicators «mastering knowledge», «mastering a profession», «thirst for knowledge», «imagination», «I choose difficult», «focus on activity», «focus on revealing their inner capabilities».*

**Key words:** educational and cognitive activity, cognitive activity, gender, gender differences, gender equality, gender education, motive, motivation with students. The results of the study revealed the gender characteristics of students.

УДК 159.96

**Севостьянова С.С.,**  
кандидат медицинских наук,  
доцент, профессор кафедры  
специального образования  
КРУ им. А.Байтурсынова  
Костанай, Казахстан

**ФОРМИРОВАНИЕ САМООЦЕНКИ У ДЕТЕЙ  
С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ**

**Аннотация**

*Для того чтобы чувствовать себя благополучно, лучше адаптироваться и преодолевать трудности, человеку необходимо иметь положительное представление о себе, иметь адекватную самооценку. Проблема самооценки особенно значима для детей с проблемами в развитии, в том числе и для детей с задержкой психического развития. В статье представлены результаты исследования самооценки детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития. Описываются основные этапы коррекционно – развивающих занятий по формированию адекватной самооценки, которые могут быть использованы в практической деятельности воспитателей детских дошкольных учреждений.*

*Ключевые слова:* самооценка, адекватная самооценка, формирование, коррекционно-педагогическая работа, задержка психического развития.

## 1. Введение

Становление самосознания и самооценки личности – одна из важных проблем дошкольного возраста. Именно в этот период жизни происходит осознание ребенком самого себя, своих потребностей. От уровня сформированности самооценки зависит успешность обучения дошкольника в школе, степень его социализации. В дошкольном возрасте идёт активное усвоение не только картины мира, но и составление собственной картины Я, образа себя, что проявляется в последующем поведении ребёнка. Значительной проблемой для детей с задержкой психического развития при подготовке к школе является несформированность у них навыков произвольной регуляции деятельности и поведения. Это выражается, прежде всего, в склонности детей к внешнему контролю со стороны взрослого, в отсутствии потребности прогнозировать свои действия. Во многом это обусловлено неполноценным развитием у них механизмов произвольной регуляции, важнейшим из которых является самооценка. Л.И. Божович определяет её, как фактор самоуважения, уверенность человека в том, что используемые им методы взаимодействия с действительностью верны и отвечают её требованиям. Самооценка выступает непременным условием осуществления человеком эффективного взаимодействия с миром и оказывает глубокое воздействие на эмоции человека, его желания, цели, ценности и процессы его мышления [1]. Неадекватная самооценка может привести к серьёзным личностным и коммуникативным проблемам. Для детей с задержкой психического развития самооценка определяет успешность их социальной интеграции.

Самооценка развивается в тесной связи с собственной деятельностью ребенка и с особенностями его взаимодействия с окружающими. Динамика самооценки определяется динамикой социальной ситуации развития ребенка. Овладевая способами самооценивания в учебно-познавательной деятельности, старшие дошкольники расширяют и углубляют знания о себе, своих способностях, приобретают дополнительные побудительно-мотивационные смыслы собственной деятельности. Умение адекватно оценить себя, свои возможности в процессе познания во многом определяет успешность развития ребенка как субъекта деятельности, оптимизирует процесс его социальной интеграции.

В имеющихся литературных источниках отмечается, что ребёнок с задержкой психического развития не сравнивает себя с другими, не видит, чем он лучше сверстника, в чем равен ему, в чем отстает и их самооценка может характеризоваться как неадекватно завышенная. Это приводит к тому, что уже в начале школьного обучения ребенок обижается на учителей и на одноклассников.

Исследования самооценки дошкольников с задержкой психического развития не многочисленны, однако, их результаты свидетельствуют о своеобразном становлении самооценки. В связи с этим возникла необходимость провести коррекционно – педагогическую работу по формированию адекватной самооценки у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития.

## 2. Материалы и методы

Экспериментальная работа осуществлялась на базе ГККП «Ясли – сад №16 Отдела образования Акимата г. Костаная». В эксперименте приняли участие 10 детей с задержкой психического развития в возрасте пяти – шести лет. Среди них было три девочки и семь мальчиков. На констатирующем этапе с целью изучения самооценки были использованы следующие методики: «Проба де Греефе», методика «Лесенка» В.Г. Щур, методика определения эмоциональной самооценки А.В. Захарова и методика «Какой Я?» Р.С. Немова. Результаты использованных методик показали, что 70% детей с задержкой психического развития демонстрировали завышенный уровень самооценки, у 20 % детей определялся средний уровень и у 10% – низкий уровень самооценки. Таким образом, результаты нашего исследо-

вания подтверждают наличие у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития неадекватной самооценки, что и послужило основанием для разработки программы коррекционно – педагогической работы, направленной на формирование у данной категории детей адекватной самооценки.

**Цель программы** – формирование адекватной самооценки у детей старшего дошкольного возраста с задержкой психического развития.

**Задачи программы:**

- формировать умение выделять самого себя из окружающей среды, ощущать себя субъектом своих физических и психических состояний, действий и процессов;
- формировать осознание ребенком своих социальных ролей и оценки себя с точки зрения социальных контактов;
- формировать понимание целостности своего образа «Я» через осознание своего прошлого, настоящего и будущего;
- формировать навыки самоконтроля и саморегуляции поведения;
- повышение уровня компетентности воспитателей и родителей в вопросах формирования адекватной самооценки у старших дошкольников с задержкой психического развития.

Программа по формированию адекватной самооценки включила в себя три блока. Первый блок предусматривает работу с воспитателями детского сада, второй блок содержит комплекс мероприятий по работе с родителями детей с задержкой психического развития, и третий блок предусматривает коррекционно – развивающую работу с детьми, имеющих задержку психического развития.

Коррекционно – развивающая работа с детьми по формированию самооценки состояла из трёх этапов. Первый этап – «Это Я», цель которого – формирование умения выделять самого себя из окружающей среды, ощущать себя субъектом своих физических и психических состояний, действий и процессов. Вторым этапом – «Кто я?», на котором формируется осознание ребенком своих социальных ролей и оценка себя с точки зрения социальных контактов. Третьим этапом – «Я – Я», на котором формируется осознание своей ценности, уникальности собственного «Я», своего существования; развитие адекватной самооценки и самоотношения.

Содержание коррекционно-развивающих занятий базировалось на программах О.В. Хухлаевой [2], Е.А. Алябьевой [3], Е.Рылеевой [4]. Всего проведено 19 занятий по 20-25 минут каждое. Занятия проходили по подгруппам два раза в неделю в режиме работы педагога-дефектолога. До проведения коррекционно-развивающих занятий с детьми была проведена подготовительная работа с родителями и воспитателями через беседы, консультации, семинары-практикумы по проблеме задержки психического развития и формирования самооценки у детей данной категории.

Коррекционно-педагогическую работу с детьми начинали с блока занятий «Я – ребенок». В ходе проведения занятий уточнялись и закреплялись знания и представления детей о своем имени. Детям предлагается назвать разные варианты имени: полное имя, в уменьшительно-ласкательной форме, в наиболее предпочтительной форме. Проводилась работа по расширению знания детей о значении своего имени и о том, какие из выдающихся людей разных стран и эпох были носителями этого имени. Для закрепления знания полного имени в занятия включены различные игровые задания типа: «Хлопни, если услышишь свое имя», «Про кого я говорю?» и др. Эти игровые задания вызвали интерес не только к своему имени, но и ценностное отношение к нему и положительные отношения к себе через свое имя.

Для расширения представлений детей о «схеме тела» на первых этапах работы необходимо фиксировать их внимание к различным частям тела и выполнять различные игровые действия («ручками – похлопали, ножками – потопали» и т.п.). Затем детей следует учить проводить самонаблюдение своей внешности (чтобы нарисовать свое лицо, надо знать какое оно, что на нем есть, какого цвета и т.д.). Дети с помощью зеркала «изучают» свое лицо,

дают словесные описания, а затем изображают себя на рисунке. В ходе проведения занятий необходимо акцентировать внимание на особенности и отличия детей друг от друга, учить их обосновывать предположения о том, почему люди разные. В играх

«Угадай, кого не стало?», «Узнай по голосу?» дети по описанию внешних признаков должны догадаться, о ком идет речь, а позже самостоятельно составлять словесные характеристики. На коррекционных занятиях проводится работа по знакомству детей с задержкой психического развития со строением тела человека, его частями, функциями. Закреплению представлений детей с ЗПР о «схеме тела» способствуют дидактические и подвижные игры, моделирование человечка из пластилина, рисование «Портрета моего хорошего Я».

Для развития осознания собственных личностных качеств детей знакомят со значением таких понятий как «хороший – плохой», «добрый – злой», «отзывчивый – неотзывчивый (черствый)», «воспитанный – невоспитанный», «радостный – грустный». Данные упражнения способствовали и расширению пассивного и активного словаря дошкольников с ЗПР. Знакомство детей с различными личностными качествами осуществлялось не только через самонаблюдение, но и через содержание сказок, персонажи которых обладали набором различных личностных качеств. По описанию действий этих персонажей, дети должны догадаться о каком качестве характера идет речь, изобразить при помощи выразительных средств понравившегося героя. Затем соотносят выделенные и названные качества со своим характером и определяют, есть ли эти качества у них. После этого детям предлагается «попросить у волшебника» те качества, которых, по мнению детей (мамы, воспитателей), не хватает в их характере.

Для развития осознания детьми своих достоинств, необходимо научить их отмечать положительные качества, поступки не только у себя, но и у своих товарищей. Дети отмечают, что умеют делать лучше всех их товарищи и сами (игра «Мой сосед лучше всех»). Рассказывают о том, что бы им хотелось сделать больше всего, а что не хотелось вовсе (Игра «Я хочу, могу, умею»).

Проводя занятия блока «Я и мои чувства», мы развивали умения детей различать и понимать эмоциональные состояния как свои, так и окружающих людей. Для этого использовали чтение рассказов и стихотворений с последующей беседой по их содержанию, изображение пиктограмм (радости, обиды, злости, грусти), рассматривание картин с изображением людей, выражающих разные эмоции, проведение бесед по выявлению причин разных эмоциональных состояний, выполнение рисунков настроения. Формированию у детей умения выражать адекватно свои эмоции способствовали следующие приёмы: игра «Настроение», элементы психогимнастики (пластические этюды «Встреча с другом», «Сердитый гном»), двигательное упражнение «Радостные и сердитые люди».

Следующий этап по формированию самооценки у детей с задержкой психического развития – это осознание ребенком своих социальных ролей и оценка себя с точки зрения социальных контактов. Коррекционные занятия распределены по двум блокам: «Я и другие», «Я и моя семья». Первоначально проводится работа по теме «Я – ребенок» и формированию позитивного отношения к своему возрасту. Обращается внимание на различие между взрослыми и детьми (игра «Взрослый – это...», Рисунок «Я ребёнок и Я взрослый»), на то, что на каждом возрастном этапе есть свои преимущества (упражнение «Полет на другую планету», беседа «Почему взрослые всегда серьезные»). Затем формируется адекватное отношение к взрослению (игра «Интервью»), закрепляется осознание детьми временной перспективы жизни человека.

Далее проводится работа по уточнению знаний детей о своей половой принадлежности, формированию понимания разницы «быть мальчиком» – «быть девочкой»: находятся сходства и различия в одежде, игровых предпочтениях, в выборе любимых занятий (упражнение «Мальчики и девочки», игра «Поиграем – отгадаем», чтение стихотворений Э.Успенского, С.Маршака).

Следующая социальная роль, представленная в содержании коррекционных занятий – это роль друга или подруги. Она связана с понятием «дружба», поэтому первоначально уточняется понимание детьми этого слова, осознания ими качеств настоящих друзей. Обсуждаются, какие качества в друге ценятся и почему (игра «Кто мой друг, отгадай»), как оценивают дети себя в этой роли (игра «Какой я друг»).

При формировании представлений детей с задержкой психического развития о роли сына или дочери, прежде всего, уделялось внимание пониманию детьми связей и взаимоотношений между членами семьи. В ходе беседы уточнялись знания детей об именах, возрасте близких, какие обязанности в семье выполняет каждый из ее членов, как и чем ребенок помогает близким, как близкие относятся к ребенку, и наоборот, как ребенок относится к близким, кого любит больше всего. Проводится беседа «Я – сын, Я – дочь» и игра «Верно – не верно!».

На заключительном этапе формирования самооценки у дошкольников с задержкой психического развития детям предлагалось выполнить упражнение «Кто Я», игра «Составь рассказ», упражнение «Рисуем себя», что способствовало закреплению адекватного представления о себе.

На всех этапах работы с детьми с задержкой психического развития постоянно обращалось внимание дошкольников на их достижения, на индивидуальные возможностях каждого из них, подчеркивались положительные качества, что так же способствовало формированию адекватной самооценки.

### **3. Результаты и обсуждение**

Старшие дошкольники с задержкой психического развития, как и нормально развивающиеся сверстники, имеют завышенный уровень самооценки, что подтверждают результаты нашего исследования: 70% детей с задержкой психического развития имели завышенный уровень самооценки, у 20 % детей определялся средний уровень и у 10% – низкий уровень самооценки. Наличие у большинства детей с задержкой психического развития неадекватной самооценки и послужило основанием для проведения коррекционно-педагогической работы по формированию у них адекватной самооценки, так как от уровня сформированности самооценки зависит успешность обучения дошкольника в школе, степень его социализации. По завершении комплексной работы по формированию самооценки у детей дошкольного возраста с задержкой психического развития была проведена повторная психодиагностика, которая выявила положительную динамику. Так, например, уменьшился процент детей с высоким уровнем самооценки на 30% и увеличился процент детей с адекватной самооценкой на 40%. Низкая самооценка у детей с задержкой психического развития в результате осуществления коррекционно- педагогической работы изменилась в сторону адекватной.

### **4. Выводы**

Таким образом, исследование показало, что проведенная коррекционно-педагогическая работа по формированию самооценки у детей с задержкой психического развития оказалась эффективной и способствовала увеличению процента дошкольников с адекватной самооценкой. Выявленный уровень развития самооценки поможет данному контингенту детей справиться с проблемами на начальном этапе вхождения в школьную жизнь.

Основные направления коррекционно-педагогической работы могут быть рекомендованы для использования в практической деятельности воспитателей детских дошкольных учреждений.

### **Список литературы**

- Божович Л.И. Проблема формирования личности: Избр. Психол. Труды / М., – 2001. – 352 с.  
Хухлаева О.В. Практические материалы для работы с детьми 3-9 лет / М.: Генезис, – 2007. – 176 с.  
Алябьева Е.А. Знакомим детей с человеческим организмом / М.: ТЦ-Сфера, – 2015. – 218 с.  
Рылеева Е.А. Как помочь дошкольнику найти своё Я / М.: Гном и Д. – 2000. – 72с.

**СЕВОСТЬЯНОВА, С.С.,  
ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Өзіңізді қауіпсіз сезіну, жақсы бейімделу және қиындықтарды жеңу үшін адам өзі туралы жағымды түсінікке ие болуы керек, өзін-өзі бағалауы керек. Өзін-өзі бағалау мәселесі әсіресе Дамуында проблемалары бар балалар үшін, оның ішінде психикалық дамуы тежелген балалар үшін өте маңызды. Мақалада психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың өзін-өзі бағалауын зерттеу нәтижелері келтірілген. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерінің практикалық қызметінде қолдануға болатын өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін түзету және дамыту сабақтарының негізгі кезеңдері сипатталған.*

**Кілт сөздер:** өзін-өзі бағалау, өзін-өзі баламалы бағалау, қалыптастыру, түзету-педагогикалық жұмыс, кешіктірілген психикалық даму

**SEVOSTYANOVA S.S.,  
FORMATION OF SELF-ASSESSMENT IN CHILDREN WITH DELAYED PSYCHOLOGICAL  
DEVELOPMENT**

*In order to feel well, adapt better and overcome difficulties, a person needs to have a positive self-image and adequate self-esteem. The problem of self-esteem is especially significant for children with developmental problems, including those with mental retardation. The article presents the results of the study of self-esteem of senior preschool children with mental retardation. The article describes the main stages of correction and development classes for the formation of adequate self-esteem, which can be used in the work of preschool teachers.*

**Key words:** self-assessment, adequate self-assessment, formation, correctional and pedagogical work, psychological developmental delay.

**ӘОЖ 614.78**

**Жетпісбай, Г.А.,**  
Жаратылыстандыру ғылымдары магистрі  
экология және география  
кафедрасының оқытушысы  
А.Байтұрсынов ат. ҚРУ,  
Қостанай, Қазақстан

**COVID-19 ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН  
ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТА ЖІБЕРГЕН ҚАТЕЛІКТЕРМЕН ЖҰМЫС**

**Түйін**

*Бір реттік қорғаныс маскалары химиялық өңдеуден өткен материалдан тігіледі, онда қанша бактерия тұрады? Мұның бәрі биоәртүрлілікке зиян келтіреді. Бұл маскаларды жануарлар олар өзендерге, тоғандарға тасуы мүмкін. Олар биологиялық материалдан тігілмеген, сондықтан олар бірден ыдырамайды. Жануарлар пластикалық заттарды қорығынан ажырата алмайды, нәтижесінде олар қоқыстарды жеп қояды, кішкентай жануарлар маска мен қолғаптарға шырмалып қалуы мүмкін. Осының барлығы экологиялық орсан зор тәуекел, экологиялық мәдениет, табиғатпен қарым-қатынас деңгейімен жұмыс жасау қажеттілігін тудырып отыр.*

**Кілт сөздер:** COVID 19, қорғаныс маскалары, тұрмыстық қоқыс, экологиялық білім, экологиялық тәрбие.

**1. Кіріспе**

Коронавирус адамзат организмінен ғана улаған жоқ, уланған үнсіз табиғатта бар. Коронавирустың шегіне шыдап келе жатқан қоршаған ортада шашылып жатқан маска көрінісі әр көшеде көрінетіні айқын мәселе туғызды.

Адамдарға үйден шықпау керек болғандықтан тамақтарды артығымен алып, уақытты азық-түлікті артық мөлшерде пайдаланумен, карантин режимі елестенді. Супермаркеттен тамақты астын-үстін алмаған адам жоқ. Карантин режимінде адамдарда психологиялық тұрғыда паника болды, оның әсерін үндемей көтеріп тұрған жер планетасы табиғаты.

Әлемде медициналық маска тақпаған адам қалмаған шығар, әрине нақты қазіргі уақытта алатын болсақ, COVID 19 індетіне байланысты, әр адам арнайы медициналық маска тағуы қажет, әр адам маска тағып жүргені жақсы, бірақ, тағып болған соң бетперденің тағдыры қандай?

Осы орайда қоршған ортамен қарым -қатынаста адамдардың жіберген қателіктері көп екені айқын осыған орай қоғамның осы қателіктермен әрине жұмыс жасау керек әрине. Жалпы жұмыс жасауды жасөспірім балалардан бастауды халықаралық тәжірибе растайды. Яғни білім көзі мектеп ордаларында экопропаганда көздейді. Сол арқылы жас болашақ адамдарда дұрыс экологиялық мәдениет қалыптасуына қызмет атқарады.

Жер тұрғындары екі сағат сайын маска ауыстырып денсаулықтарын күтті, бірақ сол маска қызметін атқарып болғасын, оны қоршаған ортаның кез келген жеріне өркениетті елдің жастары лақтырып тастап кете барды. Осыған қарап біздің қоғам мүшелері заттарды дұрыс утилизациялауды білмейді. Ретсіз шашылып жатқан ешқандай зат қалаға, еш жерге көрік бермейтіні анық. Бірақ оны қазір дұрыс түсініп жатқан адамдар аз!

## **2. Материалдар мен әдістер**

Лақтырылған маскалардың саны ғана емес, сонымен бірге олардың қоршаған ортаға зиян келтіретін уақыты да алаңдаушылық тудырады. Себебі, маскалар тез ыдырамайтын пластик түріндегі полипропиленнен жасалған. Маскадағы полипропилен 500 жылға дейін ыдырайды, іс жүзінде бұл ақырындап жарылатын экологиялық бомба.

«Маскалар химиялық өңдеуден өткен материалдан тігіледі, онда қанша бактерия тұрады? Әрине, олар қоқыс полигондарына түсіп, ондан топыраққа жұғады. Кәдеге жаратудан өтпеген кез келген зат, темекі тұқылынан бастап топыраққа қауіп төндіреді», – дейді. Бұл ақпаратты «Azattyq Rýhu» электронды бетінде Қазақстандық экологиялық аудиторлар палатасы қауымдастығының президенті Ж.Қ. Кенжалин хабарлады.

Мұның бәрі биоәртүрлілікке зиян келтіреді. Бұл маскаларды жануарлар өзендерге, тоғандарға тасуы мүмкін. Ал, балық оларды жей алады. Бұл орсан зор тәуекел!

Қоршаған орта жағдайларын әрқашан адамдар естен шығармайтындай, экологиялық білім беру керек деген міндет қойылады.

Экологиялық тәрбиесі жоғары адам көше ортасында маскасын лақтырып кете бермесі анық, ал осыған экологиялық білімі ұштасқан қоғам болсақ, адамдар бір реттік емес, матадан жасалған маскаларды қолданар еді. Иә, мата маскалар қолданылымда бар, бірақ бір реттік қолданылымдағы маскалар саны одан көп есе жоғары десек болады.

- бір рет қолданылатын маскаларды қалай дұрыс тастау керек;  
- бет маскасын алып тастамас бұрын қолыңызды мұқият жуыңыз немесе зарарсыздандырыңыз;

- масканы бөлек, герметикалық жабық пакетке салыңыз;
- масканы үш күнге қалдырыңыз (осы уақыт ішінде беттерде вирус өліп кетуі мүмкін);
- масканы тұрмыстық қоқыспен бірге тастаңыз;
- бір рет қолданылатын қолғаппен де солай жасаңыз.

Осы жағдайлар қоғамның экологиялық санасы, білімі, тәрбиесі жеткілікті деңгейде емес екенін көрсетеді. Маска дұрыс тасталмаған болса ол ашық ауада вирустар таралуы мүмкін. Осы маңызды қағидаларды білмеген қоғам мүшелері, оны көше, саябақ, үй алаңдарына шашып қоршаған ортаны ластаумен қатар жан жағындағы адамдарға қауіп төндіруде.

## **3. Нәтижелер мен талқыдау**

Жалпы пандемия 2020 жылдың наурыз айынан басталды, сол уақыттан бастап қаншаа қорғаныс маскалары жерге тасталынды. Пандемияның бастапқы дүрбелең кезеңінде «МИР 24» телеарнасының зерттеуі бойынша Қазақстанда бір ай ішінде тұрғындар 20 миллион дана



сатып алынған, ал бұл уақытта қажеттілік 30 миллионға дейін өсті, дәріханаларда тапшылық пайда болды [1].

Өндіріс көлемі айына алты миллионнан асадай көрсеткішті көрсеткен, ал тәуліктік көрсеткішпен қарайтын болсақ ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму Вице-министрі Б.С. Камалиев Қазақстандық кәсіпорындардың өнімділігі тәулігіне 170 мың масканы құрайтынын наурыз айында ғана хабарлаған [2]. Бұл көрсеткіштер пандемияның үдеуіне байланысты түбегейлі өзгерді, тұрғындар қажеттілігіне сай Қазақстанда тәулігіне бір миллионнан астам маска шығарылады деп 2 сәуірде ОКҚ-да өткен баспасөз конференциясында ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қ.А. Өскенбаев хабарлады [3].

2020 жылдың 31 наурызында маска өндірісінің тәуліктік көлемі бір млн данадан асты, оның ішінде фармацевтикалық кәсіпорындар – 325 мың дана, тігін кәсіпорындары – 680 мың дана шығарды. Қ.А. Өскенбаев 5 наурызда медициналық маскалар өндірісі 209 850 дананы ғана құраған еді, – деп атап айтқан [4].

Маусым айларынд ҚР ИИДМ хабарлауы бойынша көрсерткіш тәулігіне 750 мыңға жуық медициналық маска болды [5].

Курсив ақпараттық желісінің 2020 жылы тамыз айының жазбасында министрлер кабинетінің отырысында ИИДМ басшысының сөз сөйлеуіне қоса берілген анықтамалық ақпаратта тамыз айында медициналық маскалар өндірісінің көлемі тәулігіне 1,2 млн дананы құрайды, Б.Б. Атамқұлов хабарлайды делінген [6].

Сонымен пандемияның басынан бастап маска өндірісінің көлемінің даму тенденциясын мониторингі төмендегідей.

*Кесте-1.* Қазақстандық кәсіпорындардың медициналық маскаларды тәулігіне өнімділігі.

Айы	Маскалар саны
Наурыз бастапқы кезең	170 000
Наурыз соңы	325 000
Сәуір	1 000 000
Маусым	750 000
Тамыз	1 200 000

Қазақстанда қорғаныс маскаларының өндірісі 2020 жылдың соңына қарай тәулігіне 1,5 млн-ға дейін жеткізіледі ИИДМ министрі Б.Б. Атамқұлов 11 тамыздағы үкімет отырысында сөйлеген сөзі екен.



Сурет 1- Қазақстанда қорғаныс маскаларының өндірісі тенденциясы

Көрсетіліп отырған статистикамен қарасақ осы айларда Қазақстанда қоқысқа тасталынған қорғаныс маскаларының жалпы саны күн сайын 3 445 000 дана. Бірақ, осы маскалардың барлығы дұрыс утилизацияға ұшырамады, себебі пандемия басталғаннан бастап қала көшелерінде шашылып жатқан көріністер қоғамың қоршаған ортадағы тазалық деңгейін аңғартты. Бұл жағдайға экологтар ғана дабыл қақты, жаңалықтарда көрсетіп, қоғамды дұрыс экологиялық мәдениетке бағдарлауға тырысты.

«Коронавирус инфекциясы негізінен ауа тамшы арқылы жұғады. Науқас маска тағып жүріп, жөтеледі, түшкіреді, содан соң оны көшеге лақтырады. Оған жиналған вирус белгілі бір уақыт бойы қауіпті болады. Содан соң барлығы құрғайды және ауаға тарайды. Міне, содан кейін ауаға тараған шаң-тозаң басқа адамға вирус жұқтырады. Ықтималдығы төмен, бірақ қауіп бар», – деп түсіндірді А.Богоявленский.

«Егер спанбондтан (арнайы материалдан) дайындалған медициналық маскалар туралы айтсақ, олар далада ультракүлгіннің әсерінен бір жылға дейін, ал күннен жабық жерде 3 жылдан 5 жылға дейін сақталады. Негізінде, оларды медициналық қалдық сияқты кәдеге жарату керек. Ал, көшеде, парктерде жатқан маскалар жалпы қоқыспен бірге полигонға апарылып, барлық қалдықпен бірге кәдеге жаратылуы мүмкін. Оның үстіне, тасталған маскалар кез келген жерде жатып, потенциалды қауіпті болып келеді», – деген А.Ысқақова.

Жалпы қортындылай келе бұл ескертпелер қоғамды түбегейлі өзгеруге жеткіліксіз болды деген қортынды айтуға болады.

Қостанай облысы бойынша «Экологияны қорғауды неден бастау керек?» әртүрлі жастағы адамдар арасында өткен сауалнама нәтижесі төмендегідей.



Сурет 2-Экологияны қорғауды неден бастау керек?

Сауалнамаға қатысқан адамдардың 25% ағаш отырғызу, 18% зиянды өндіріс орындарын қысқарту, 26% айналға қоқыс шашпау, 26% экологиялық білім беру, 5% пластиктен бастарту.

Экологиялық білім қоршаған әлемге адекватты қатынасты қалыптастыру үшін қажет. Біздің өмір сүру жағдайымыз адамның табиғатқа қалай әсер ететініне байланысты. Мұны барлық бұқаралық ақпарат құралдары айтады және егер бұл туралы мектептерде үнсіздік болса, дұрыс емес.

Балаларда қоқыс проблемасының ауқымы туралы түсінік алуға мүмкіндігі болмайды. Қалған мектеп оқушылары қоқыстың қайда кететіні туралы ойланбайды және олар өмір бойы лақтырған барлық пластиктердің әлі де бір жерде жатқанын және ол жерде ұзақ уақыт қалатынын білмейді.

Әлемдік тәжірибеде Австралия, Шотландия, Канада, Финляндия, Индия елдері мектептері экологиялық білім беретін елдер тәжірибесін біздің ел қазір қарастыруда. Көрші Ресейде экологиялық білімді мектеп бағдарламасына енгізу бастапқы кезеңде. Мектептерде экологиялық тәрбиенің жүргізілу жолдарын жетілдіру керек. Мысалға, Г.Жетпісбай, А.Батырғали, К.Тайтинова ұсынысы бойынша жасалған жоба мысал.

Жобада экологиялық тәрбие қоғамға, жасөспірім жастан беруді қарастырады және қоғамда экологиялық білімнің төмендігі экожарнамалардың жоқтығынан деп қарастырған. Яғни, экологиялық проблемаларды жарнамалаған, пропаганда жасаған сайын шешу жолдары жеңілдетіледі. Насихаттау – саяси, философиялық, ғылыми, көркем және тағы басқа көзқарастар мен идеяларды оларды қоғамдық санаға енгізу және жаппай тәжірибелік қызметті жандандыру мақсатында таратқан сыяқты, экологиялық өмір сүру бағытын да жобалы насихаттап отыру керек. Бұл насихатты экологиялық білімді мектепте алған адамдарға тез ұғынып түсіне алады және жүзеге асырады. «COVID-19 пандемиясының салдарын шешу жөніндегі менің көзқарасым» атты республикалық жоба байқауына қатысқан жұмыстар жүзеге асырылса, мектеп балаларында дұрыс экологиялық мәдениет қалыптасады.

Жоба экожарнаманы стенаға немесе жекелей бұрышқа орнатылу мүмкіндігін қарастырады. Бастауыш сынып балалары үшін қарапайымдылап мысалмен келтірілетін экостендттер орнатылу керек, ал жоғары сынып оқушыларына экологиялық мәселелерге сілтеме беретін, ой шақыратын, экологиялық білім болатын ақпараттармен болуы керек.

*С тех пор, как ребенок родился и вырос, он говорит на своем родном языке. Поэтому Роль родного языка в изучении ребенком других иностранных языков особая. Казахский язык и английский имеют много отличий друг от друга. Мы изучили эти различия в этом исследовании, искали сходства и изучили методiku обучения.*

**Ключевые слова:** родной язык, иностранный язык, методика, интерференция, транспозиция.

**ELEUOVA, ZH.T., ISMAGULOVA, G.K.,**

#### **THE ROLE OF THE NATIVE LANGUAGE IN TEACHING ENGLISH**

*Since the child was born and grew up, he speaks in his native language. Therefore, the role of the native language in the child's learning of other foreign languages is special. Kazakh and English have many differences from each other. We looked at these differences in this study, looked for similarities, and looked at the teaching methodology.*

**Keywords:** native language, foreign language, methodology, interference, transposition.



УДК 371.32

**Нурсеитова, А.К.,**  
кандидат педагогических наук,  
профессор центра языковой подготовки  
КРУ имени А.Байтурсынова  
Костанай, Казахстан

## ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ В САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЕ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ

### *Аннотация*

*В статье рассматривается роль интерактивных методов в организации самостоятельной работы студентов на занятиях по русскому языку. Интерактивное обучение – это особая форма обучения, в которой все участники вовлечены в активную познавательную деятельность.*

*На конкретных примерах автор показывает, как дидактические (учебные) и организационно-деятельностные игры, проектирование, дискуссии, мозговой штурм способствуют возникновению особого – интерактивного – режима обучения с хорошо организованной обратной связью участников образовательного процесса, с многосторонним обменом информацией между ними.*

*Таким образом, интерактивный режим в организации самостоятельной работы на занятиях по русскому языку способствует формированию профессионально зрелой личности, что позволит в дальнейшем сегодняшнему студенту стать высоко квалифицированным специалистом.*

*Ключевые слова:* самостоятельная работа; интерактивный; студент.

### **1. Введение**

Самостоятельная работа является одной из форм учебного процесса и его существенной составляющей. Её главной целью является не только закрепление, расширение и углубление получаемых знаний, умений и навыков, но и самостоятельное изучение и усвоение нового материала без посторонней помощи. Самостоятельная работа становится необходимым условием подготовки конкурентоспособного специалиста, востребованного на рынке рабочей силы. Самостоятельная работа – это, прежде всего, деятельность, связанная с воспитанием мышления будущего профессионала. Продуктом СРО является формирование профессионально зрелой личности, что позволит в дальнейшем сегодняшнему студенту стать высококвалифицированным специалистом.

Самостоятельная работа вызывает у студентов ряд трудностей, обусловленных необходимостью адаптации бывших школьников к новым формам обучения. Главная трудность связана с необходимостью самостоятельной организации своей работы.

Многие первокурсники на занятиях по русскому языку испытывают большие затруднения, связанные с отсутствием навыков анализа, конспектирования, умения чётко и ясно излагать свои мысли, планировать своё время, практически полным отсутствием психологической готовности к самостоятельной работе, незнанием общих правил её организации.

### **2. Материалы и методы**

Организация самостоятельной работы студентов строится на ряде базовых принципов. К таким принципам относят: принцип самостоятельности, комплексного подхода, творческой направленности, целевого планирования, личностно ориентированного подхода и др. Анализируя особенности каждого принципа, можно отметить, что принцип самостоятельности проявляется в готовности студента самостоятельно мыслить, планировать, принимать

профессиональные решения, обосновывать сделанный выбор и т.д. Принцип комплексного подхода предполагает развитие навыков не только репродуктивной, но и творческой деятельности. Принцип творческой направленности предполагает развитие готовности студентов к разрешению нестандартных учебных и профессиональных ситуаций, способности самостоятельно разрабатывать творческие проекты и т.д. Принцип целевого планирования применяется для целенаправленной разработки учебных и профессиональных заданий, которые предлагаются студенту для самостоятельной работы. Принцип лично ориентированного подхода направлен на учёт индивидуального стиля учебной работы, специфическую траекторию личностного развития, особенности функционирования психических процессов отдельно взятого студента.

СРО может осуществляться как при непосредственном участии преподавателя в совместной деятельности на аудиторных занятиях, так и под опосредованным руководством во внеаудиторное время. Аудиторная самостоятельная работа студента чаще всего предполагает непосредственное участие в образовательном процессе педагога. В данной учебной ситуации педагог из «основного звена» педагогического процесса превращается в консультанта, помощника в овладении профессиональным знанием. Изменение роли педагога требует от него умения целенаправленно применять в процессе организации самостоятельной познавательной деятельности интерактивные методы преподавания. Известно, что понятие «интерактив» в переводе с английского языка означает «взаимодействие, воздействие друг на друга».

### **3. Результаты и их обсуждение**

Современная дидактика выделяет следующие основания организации обучения в интерактивном режиме:

- основой усвоения информации является активная позиция участников образовательного процесса, что подразумевает использование игровых технологий, проектных методик, решение конкретных ситуаций и т.п.;
- интеракция способствует интеллектуальному, деятельно – волевому, творческому развитию личности;
- происходит постоянная смена позиций «отправитель» и «получатель» информации, то есть смена коммуникативных ролей;
- многосторонний обмен информацией хотя и протекает медленнее, но является более точным и полным;
- интерактивный режим обучения предусматривает реализацию принципов проблемности, контекстного обучения, мотивации познавательной деятельности студентов, инициативности.

К интерактивным технологиям можно также отнести такие локальные технологии, как дидактические (учебные) и организационно-деятельностные игры, проектирование, дискуссии, мозговой штурм и другие.

Учебная деловая игра – это разновидность деловой игры, применяемая в дидактических целях. В последнее время она всё шире применяется в практике обучения, выполняя развивающую, коммуникативную, активизирующую и информационную функции. В соответствии с типовой программой по русскому языку (уровень В 2) предусмотрены лексические темы «Здоровье и здоровый образ жизни», «Закон. Права человека и их защита», «Природа и человек», «Труд, учёба и отдых», «Культура и традиции», «Праздники и искусство в жизни человека», «Средства связи и их роль в жизни современного человека», которые дают возможность проведения учебных деловых игр на занятиях СРОП.

Метод проектов трактуется как способ организации самостоятельной деятельности обучающихся – индивидуальной, парной или групповой. В его основе лежит развитие познавательных навыков студентов, умение самостоятельно конструировать свои знания, умение ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического мышления. Метод проектов всегда предполагает решение какой-то проблемы, предусматривающей, с одной стороны, использование разнообразных методов, а с другой – интегрирование знаний, уме-

ний и навыков по русскому языку. Результаты выполненных проектов должны быть, что называется, «осязаемыми», то есть иметь конкретный практический результат – доклад, сообщение, реферат, презентация.

Дискуссия – это коллективное обсуждение или исследование проблемы, либо сопоставление информации, идей, предложений. Дискуссия только тогда будет эффективной, когда её участники испытывают интерес к обсуждаемому вопросу. В учебном пособии по русскому языку (Нурсеитова А.К. Русский язык (Уровень В2), Костанай, 2013) предлагаются темы «Кого считать образованным человеком?», «Кого считать творческим работником, творческой личностью?», «Почему наука и образование, новые технологии стали ключевыми факторами конкурентоспособности?».

Мозговой штурм или «мозговая атака» – это активизация деятельности студентов и быстрого генерирования идей при поиске ответа на конкретный вопрос или при решении проблемы. Мозговой штурм чаще всего применяется как один из этапов занятия по русскому языку с целью активизировать познавательный интерес студентов, развития аналитических способностей, приобретения навыков коллективной работы. Например, при изучении темы «Микротема текста» студенты анализируют два фрагмента (стр.68 учебного пособия), указывают, чем они отличаются, какой из них представляет собой текст в смысловом и структурном плане. После выдвижения гипотез и обсуждения предложенных вариантов преподаватель сообщает о результатах «мозгового штурма».

#### **4. Выводы**

Таким образом, интерактивное обучение – это особая форма организации познавательной деятельности, в которой все участники вовлечены в активную познавательную деятельность. Возникает особый – интерактивный – режим обучения с хорошо организованной обратной связью субъектов образовательного процесса, с многосторонним обменом информацией между ними. Это уже не монолог и даже не диалог – это полилог, при котором актуализируется сотрудничество обучающихся друг с другом и преподавателем. Практика показывает, что интерактивный режим в организации аудиторной самостоятельной работы студентов позволяет значительно пополнить индивидуальный опыт будущих специалистов.

#### **Список литературы**

Фёдорова М.А. Концептуальные основы технологии формирования учебной самостоятельной деятельности студентов // Учёные записки Орловского государственного университета. Серия «Гуманитарные и социальные науки». – 2016. – №3(37). – 120С.

Ерошина Н.А. Самостоятельная учебная деятельность студентов педвуза // Педагогическое образование и наука. – 2015. – №5, – с.14 – 20.

Педагогическая технология: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей / Белгород: Изд-во Белгородского государственного университета. – 2018. –98 С.

Нурсеитова А.К. Русский язык (Уровень В2). Учебно-методическое пособие, Костанай. – 2019. – 135 С.

**НУРСЕИТОВА, А.К.,**

#### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР**

*Мақалада орыс тілі сабағында студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудағы интербелсенді әдіс қарастырылған. Интербелсенді оқыту – бұл оқытудың ерекше формасы, себебі, мұнда білім алушылар белсенді, танымдық дағдыға толыққанды енеді. Автор интербелсенді әдісті оқу үрдісінде қалыптастыру және оны білім беру үрдісінде ұйымдастыру, сонымен қатар білім алушылардың қабылдау белсенділігін дидактикалық, оқу түріндегі ойындар, жобалау, пікірталастар, мига шабуыл тәсілдері арқылы нақты, дәлелді мысалдармен көрсете білген. Осылайша, орыс тілі сабағында өздік жұмысты ұйымдастырудағы интербелсенді әдіс кәсіби ересек тұлғаны қалыптастырып, болашақ маман студенттің білікті маман болуына жол ашады*

**Кілттік сөздер:** өздік жұмысы; интербелсенді; студент.

**NURSEITOVA, A.K.,  
INTERACTIVE METHODS IN THE INDEPENDENT WORK OF STUDENTS IN THE RUSSIAN  
LANGUAGE CLASSES**

*In the article the role of interactive methods in the organization of students' independent work at the Russian classes is considered. Interactive training is a special form of education in which all participants are involved in the active cognitive activity. The author shows the concrete examples as didactic (teaching) and organizational-activity games, project, discussion, brainstorming contribute to the special-interactive-learning mode with a well-organized feedback participants in the educational process, multilateral exchange of information between them. Thus, the interactive mode in the organization of independent work at the classes of Russian language contributes to the formation of a professional mature personality, which will enable further today's students to become highly qualified specialist.*

**Key words:** independent work; interactive; student.

ӘОЖ 372.857

*Альжанова, Б.С.,  
а.ш.ғ.к., доцент, биология және экология  
кафедрасының доценті,  
Қуатова, И.А.,  
магистрант,  
М.Өтемісов ат. Батыс  
Қазақстан университеті,  
Орал, Қазақстан*

**БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ**

**Түйін.**

*Биология сабақтарында жобалау әдісін қолдану мүмкіндігін және тиімділігін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алдымен оқушыларға сауалнама жүргізілді және жоба бағдарламасы жасалды. Жалпы алғанда сауалнама нәтижелері оқушылардың жоба жасауға деген ынтасы жоғары екенін көрсетті. Бұл биология сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру тәсілі ретінде жоба әдісін қолдануға негіз болды.*

*Жобаны жасау оның тақырыбын таңдаудан бастап оны өткізіп қорытындылағанға дейін мұғалімнің көп уақыты пен күш-жігерін қажет етеді. Эксперимент нәтижелері оқушылардың танымдық белсенділіктерінің деңгейлер бойынша артуының оң өзгерісін көрсетті. Жоба орындау сондай ақ оқушылардың жобалау және зерттеу іс-әрекеті дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.*

**Кілт сөздер:** жобалау әдісі, танымдық белсенділік, жүйелік құзіреттіліктер, білім беру технологиялары, шығармашылық қабілет.

**1. Кіріспе**

Қазақстан Республикасында білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім берудің жаңартылған мазмұнына белгілі бір талаптар көзделген, олардың қатарына шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, заманауи қоғамның серпінді сұраныстарына сәйкес болу және коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білуі жатады. Осы бағытта білім беру мәселесін шешудің негізгі міндеттеріне оқушылардың алған білімдерін функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану, зерттеу жұмыстарын

жүргізу, топта және жеке жұмыс жасау білігін дамыту, мәселелерді шешуі және өздігінен шешім қабылдау т.б. құзіреттіліктерін дамыту жатады [1].

Білім алушылардың жобалық және зерттеу іс-әрекеттерін дамытуда жүйелілікті қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Жаңартылған білім беру жағдайында биологияны оқыту заманауи озық әдістер мен тәсілдер және танымдық және білім беру белсенділігін арттыратын технологияларды енгізуді талап етеді. Осындай технологиялардың бірі – жобалау әдісі.

Жобалау әдісін қолдану оқушылардың биология пәні бойынша пәндік, жүйелі-әрекеттік және тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Жобалау әдісін жалпы оқу үрдісінде пайдалану бағытындағы ғылыми-педагогикалық еңбектер жеткілікті болғанымен, оларды нақты пәндер бойынша іс-тәжірибеде қолдану тиімділігі және оны талдау мәселелері әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Осыған орай биология сабақтарында жобалық әдісін қолданудың оқушылардың танымдық белсенділіктері мен жобалау құзіреттіліктерін дамытуға әсері бағытындағы зерттеулер өзекті болып саналады.

Мақсаты: биология сабақтарында жобалау әдісін қолданудың оқушылардың танымдық белсенділігіне әсерін зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

- жоба, оның түрлері және биология пәнінде қолдану маңыздылығы мен әдістемесі туралы ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге қысқаша шолу;
- биология сабақтарында жобалау әдісін қолданудың оқушылардың жобалық құзіреттілігі мен танымдық белсенділігіне әсерін зерттеу;
- эксперимент нәтижелерін талдау.

## **2. Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасау, оларды талдау, бақылау, сауалнама жүргізу, педагогикалық эксперимент ұйымдастыру және алынған нәтижелерге статистикалық талдау жасау т.б. әдістер қолданылды.

Биология сабақтарында жобалау әдісін қолдану тиімділігін анықтау мақсатында 2019-2020 және 2020-2021 оқу жылдары аралығында эксперименттік зерттеу жұмысы 3 кезеңде жүргізілді.

1) Айқындау эксперименті 2019-2020 оқу жылының сәуір айында Атырау қаласы Құрманғазы ауданы Ф.Оңғарсынова атындағы жалпы орта мектебінде жүргізілді. Зерттеу өткізілетін сыныптар анықталды. Оқушылардың жоба туралы пікірін анықтау үшін 7 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді және білім сапасы тексерілді.

2) Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде экспериментальды топта оқушылары биология пәнінен минижобалар жасады. Зерттеу жұмыстарын жүргізуге 2019-2020 оқу жылында қыркүйек-қараша айларында 8 сыныптың 21 оқушысы қатыстырылды. Бақылау тобында 10 оқушы, эксперимент тобында 11 оқушы болды. Зерттеу алдында экспериментальды топқа жоба туралы кіріспе сабақ өткізілді, жобалық құзіреттіліктерінің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Қайта жүргізілген білім сапасын тексеру нәтижелері әр топтың білім сапасында елеулі айырмашылықтар жоқ екенін көрсетті.

3) Бақылау кезеңінде зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалып, оқушылардың жобалық құзіреттіліктерінің қалыптасу және танымдық белсенділігінің деңгейі анықталды. Оқушылардың жобалық құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейі арнайы сауалнама және жобаны бағалау критерийлері арқылы 5 баллдық шкаламен бағаланды, ал жалпы танымдық белсенділіктері Ч.Д. Спилбергер әдісімен анықталды [2]. Зерттеу нәтижелеріне статистикалық талдау стандартты Excel бағдарламасының «Талдаулар пакеті арқылы жүргізілді [3].

## **3. Нәтижелер мен талқылау**

Жобалау әдісі оқыту әдісі, тәсілдері мен формаларының кең ауқымды үйлесімінен тұрады, бірақ басты компоненті болып жоба саналады.

Жоба (project) дегеніміз – осы уақытта жоқ, бірақ құрастырылуы, жасалуы тиіс заттың, мазмұнның нақты болжамы, сонымен қатар ол жағдайды немесе мазмұнды міндетті түрде қажетті бағытқа қарай өзгертеді. Жобалау әдісінің әдіснамалық негізін салған белгілі американ педагогы, психологы, философы Джон Дьюидің (1859-1952) «оқыту мен тәрбие теориялық білімді меңгеру барысында емес, практикалық міндеттерді шешу барысында жүзеге асады» деп тұжырым жасады. Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, «оқу әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс, сонда ғана оқушы өз іс-әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады» деп санайды. Д.Дьюидің педагогикалық идеялары ХХ ғасырдың 30 жылдарынан сынға ұшырағанмен, қазіргі заманғы қоғамға лайықты мәселелер көрініс табуына байланысты, бұл идеяға қызығушылық ХХ ғасырдың 80-ші жылдары қайта жанданып, осы уақытқа дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Е.С. Полат жоба әдісіне келесідей анықтама береді: «...қандай да бір түрде безендірілген, нақты белгілі бір практикалық нәтижемен аяқталуы тиіс проблеманы егжей-тегжейлі қарастыру және толық өңдеу арқылы дидактикалық мақсатқа жету тәсілі» [4].

Мектеп тәжірибесінде жобалау әдісін қолданудың маңызы өте зор. Бұл әдістің оқу үдерісі барысындағы ерекшелігі оқушының өз жобасын құрып, шығармашылықпен айналысуында [5]. Жобаны орындау оқушылардың барлығын да жұмыстануға тартуға мүмкіндік береді. Жоба жасауда міндетті түрде оқушылар арасынан жоба жетекшісін тағайындаған дұрыс [6].

Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қолданылып жүрген жобалау әдісі пәндік білімнің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес табиғат, қоршаған орта және өмірдің заңдылықтарын зерделеуде мәселені өзінше жоба ретінде жоспарлап шешімін табу жолдарын іздестіреді. Жобаны тандауда оқушылардың меңгерген білім және тәжірибесіне сүйене отырып, олардың жүйелі қолданылуына көңіл бөлу қажет [7]. Биология бойынша сабақ беруде жобалық технологияны оқытудың мақсаты мен міндетіне байланысты қолдану қажет. Оқу қызметіне жобалық қызметті енгізгеннен кейін жобаға қойылатын негізгі талаптар мен кезеңдер туралы бір ізділіктің болуы маңызды [8]. Жоба нәтижелігі көп жағдайда мұғалімнің оны өткізуді мұқият жоспарлауына байланысты [9]. Жоба нәтижесі болып жазбаша, шығармашылық жұмыстар, макет т.б. саналады, жобаның қорытынды кезеңінде міндетті түрде алынған нәтижелерді баяндау, қорғау немесе таныстырылым жүргізіледі.

Жоба оңтайлы тәсілдердің көмегімен алдын-ала жоспарланған нәтижеге немесе нақты проблеманы шешудің ерекше тәсілі болып табылады. Ерекше болатыны кез келген проблеманы жоба әдісімен шешуге болмайды.

Айқындау эксперименті кезеңінде жүргізілген сауалнамада оқушыларға дайын жауап варианттары және өз ойы мен пікірлерін білдіруге мүмкіндік берілетіндей ашық сұрақтар да берілді. Сауалнама кезінде оқушылардың жоба туралы түсініктері, оның маңызы, жобаға қатысу тәжірибесі т.б. пікірлеріне талдау жасалды.

Сауалнама нәтижесін талдау қатысушылардың жоба туралы түсініктері төмен екенін көрсетті. Мысалы оқушыларға «Жоба дегеніміз – бұл...» деген сөйлемді аяқтау ұсынылды, қатысушылардың 65%-ы жобаның толық анықтамасын беруге қиналды, көпшілігі құрылыс және бизнес жобаларды ғана атады. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың 25%-ы мектеп деңгейінде ғана «Информатика», «Өзін өзі тану» және «Тарих» сабақтарынан жоба жасағанын айтты және жобаға қатысу өздеріне ұнағанын айтты. Осы уақытқа дейін жоба жасамау себептеріне бос уақыт болмауы, мұғалімнің арнайы тапсырма бермеуі, өзіне деген сенімсіздігі, интернет болмауы т.б. жатқызды.

«Сіз жоба жасағыңыз келе ме?» деген сұраққа барлығы да жоба жасағысы келетінін айтты. Жоба жасау үшін оқу және ақпараттық сайттар, интернет желісі, мұғалімнің кеңесі, арнайы сабақ болса деп жауап берді.

Жалпы алғанда сауалнама нәтижелері оқушылардың жоба жасауға деген ынтасы жоғары екенін көрсетті және бұл биология сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру тәсілі ретінде жоба әдісін қолдануға негіз болды.

Эксперимент жұмыстарын жүргізер алдында алдымен жоба бағдарламасы жасалады. Жоба бағдарламасында тақырыптың жобалық аты (кейіннен нақтылану үшін), мазмұны, бағыты, түрі, ұйымдастыру формасы, ұзақтығы, күтілетін нәтижелер, жоба өнімі, қалыптасатын құзіреттіліктер, бағалау критерийлері т.б. мәліметтер көрсетіледі.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде орындалған жұмыс түрлері:

- жоба туралы кіріспе сабақ өткізу;
- жоба тақырыбын оқушылармен нақтылау;
- жоба түрін анықтау (зерттеу, шығармашылық, ақпараттық);
- жобаны орындау түрін анықтау (топпен немесе жеке);
- жобаны орындау ұзақтығын анықтау;
- жоба мазмұнын және күтілетін нәтижелерді анықтау;
- қалыптасатын құзіреттіліктерді анықтау;
- жобаны орындауға қажетті ресурстарды анықтау;
- жобаны жүзеге асыру жоспарын жасау;
- жобаны қорғау түрін және қажетті құжаттар түрін анықтау;
- жобаны бағалау критерийлерін жасау;
- жобаны орындау үшін оқушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар әзірлеу;
- жобаның орындалу барысын бақылау, кеңестер беру;
- жобаны қорғау;
- қайталау диагностикасын жүргізу;
- алынған нәтижелерге салыстырмалы талдау жасау.

Осы уақытқа дейін оқушылардың биология сабағынан жоба орындамағанын ескере отырып алдымен жоба, оның түрлері, құрылымы, этаптары, ерекшеліктері мен нәтижесі туралы кіріспе сабақ өткізілді.

Жобаны жасау оның тақырыбын таңдаудан бастап оны өткізіп қорытындылағанға дейін көп уақыт пен күш-жігерді қажет етеді. Білім беру мақсатында өткізілетін жоба тақырыбы ретінде оқу пәні бойынша бағдарламаны қамтумен қатар, оқушылар үшін де қызылықты болуы керек.

Жоба жасар алдында «Даражарнақты, қосжарнақты өсімдіктер» тақырыбы бойынша дәстүрлі сабақтар өткізілді. 3-4 оқушыдан тұратын топ құрылды, жобаның мақсаты таныстырылып, тақырып туралы ақпарат беріліп, қажетті материалдар мен видеофильм ұсынылды. Одан кейін 1-2 сабақ көлемінде орындалатын минижобалар берілді. Минижоба ретінде «Түрлі тұқымдасқа жататын өсімдіктердің тұқымының өнгіштігін анықтау», «Транспорт тораптары бойынан алынған топырақ сынамаларының тұқым өнгіштігіне әсері» және «Ауыл маңында кездесетін буынаяқтылардың түрлік құрамы мен ерекшеліктері», «Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсері» тақырыптары таңдалды.

Биология пәнінен орындалатын жобалар көлемі, күрделілік дәрежесі, қолданылатын әдістер мен ұйымдастыру формасы бойынша да бір бірінен өзгешеленеді. Биология сабақтарында зерттеушілік, практикалық бағытталған, рольдік, шығармашылық, ақпараттық т.б. жобаларды орындауға мүмкіндік зор. Биология пәнінен жобалық тапсырмалар сабақ барысында басталып және кейіннен үй тапсырмасы түрінде сабақтан тыс уақытта орындалып аяқталуы мүмкін. Мысалы «Даражарнақты, қосжарнақты өсімдіктер» тақырыбында зертханалық жұмыс өткізгеннен кейін оқушыларға «Түрлі тұқымдасқа жататын өсімдіктер тұқымының өнгіштігін анықтау» жобасын беруге болады.

Жобалық тапсырмаларды орындаудың алғашқы кезеңінде мұғалімнің жетекшілік және кеңесшілік ролі өте жоғары. Әсіресе жоба мақсаты мен міндетін анықтау, гипотезаны ұсыну және алынған нәтижелерді өңдеу кезеңдерінде дер кезінде кеңес беру жобаның сәтті орындалуына ықпал етіп, оқушылардың өз өзіне сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біртіндеп уақыт өте келе, жобаны күрделендіріп, орындалу мерзімін ұзартып және оқушылардың таңдаған тақырыптары бойынша өз бетімен орындайтындай және пән аралық жобалар жасатуға болады. Бұл жағдайда мұғалім тек бағыттаушы рольді орындайды. Мысалы «Жарық сәулесінің және күн ұзақтығының гүлді өсімдіктерге әсері» және «Шудың биологиялық әсері» атты жобаны орындау барысында география, информатика, физика пәнінен алған білімдеріне сүйенеді және түрлі аспаптармен (шу өлшегіш, люксметр т.б.) жұмыстанады.

Жобалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты таңдауға үйренеді;
- таңдаған тақырыбына байланысты мақсат-міндеттер қояды;
- мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жоспарын құрастырады;
- алдына қойған мақсатты жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;
- тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтап жүйелеуге үйренеді;
- мақсатқа жету үшін тиімді зерттеу әдістері мен тәсілдерін таңдай алады;
- өз ойын, пікірін өзқарасын жүйелі, дұрыс және дәлелді жеткізуге дағдыланады;
- өзгелерді тыңдауға үйренеді, олардың айтқандарын ой елегінен өткізіп, сұрақ қоюға,

қажет болған жағдайда өз сұрағына жауап беруге және жауабын дәлелдеуге, өз шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге дағдыланады.

Жобаны бағалау бірнеше критерийлер бойынша жүргізіледі:

- 1) жоба құрылымы дұрыстығы, толықтығы мен зерттеу сапасы;
- 2) жобаны қорғаушы баяндамашының сөйлеуін бағалау;
- 3) жобаны рәсімделуін бағалау т.б.

Жобаны орындау барысында оқушылар ақпараттарды тек «механикалық» тауып қана қоймай, оларды пайдалана білуге, талдап қорытындылауға үйренеді. Практикалық маңызды жобаларды жасау арқылы олардың болашақ мамандық таңдауына да ықпал етуге болады. Жобалық тапсырмаларды орындау барысында жобалау және зерттеу құзіреттіліктері қалыптасып, танымдық белсенділіктері артады, пәнге қызығушылығы жоғарылайды.

Алынған нәтижелерді талдау эксперимент тобында жобаны орындау барысында жобалық құзіреттіліктер қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Биология сабақтарында жобалау әдісін пайдалану білім алушылардың проблеманы анықтау, қажетті ақпаратты іздеу, өз бетінше шешім қабылдау, зерттеушілік дағдыларын жетілдіруге және алынған нәтижелерді талдау, сөйлеу мәдениеті, қойылған мақсатқа жетуге бағытталған құзіреттіліктердің қалыптастыруына елеулі ықпал етті. Бұл құзіреттіліктер жобаны қорғау немесе есеп беру кезінде анық байқалады.

Эксперимент тобының жобаны орындау барысында жобалық құзіреттіліктерінің қалыптасу дәрежесі  $1,9 \pm 1,12$  балдан  $3,1 \pm 0,96$  балға артты. Бұл көрсеткіш орташа деңгейде (3,0-3,9 балл) болғанымен, болашақта жобалық әдіс жүйелі қолданып, жалғасын тапса, бұдан да жоғарылауы мүмкін, бұл – білім сапасын арттыру кепілі.

Зерттеу нәтижелеріне Фишер критерийін пайдалана отырып статистикалық талдау жүргіздік. Фишер критерийінің 0,05 маңыздылық деңгейі ( $F_{0,05}$ ) мен нақты есептеулер бойынша алынған мәні ( $F_T$ ) салыстырылды.

Нөлдік гипотеза: жобаны орындау барысында жобалық құзіреттіліктердің қалыптасуы елеулі емес.

Альтернативті гипотеза: жобаны орындау барысында жобалық құзіреттіліктердің қалыптасуы елеулі дәрежеде байқалады.

Алынған нәтижелер –  $F_{крит} = 4,19$ ,  $F_{ф} = 9,86$ , яғни  $F_{ф} > F_{крит}$  болғандықтан, нөлдік гипотеза қабылданбайды, яғни эксперимент барысында жобалық құзіреттіліктердің қалыптасуында 0,05 маңыздылық деңгейі ( $F_{0,05}$ ) бойынша елеулі айырмашылығы бар деп саналады.

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты болып, қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді және олардың логикалық ойлау



қабілеті мен дербестігін қажет етеді. Оқушылардың танымдық белсенділігінің бірнеше деңгейі бар: жоғары, орташа және төмен.

Танымдық белсенділіктің жоғары деңгейі (4,0-5,0 балл) түрлі құбылыстар мен процесстердің мәнін терең түсініп, олардың өзара байланысын анықтайды, тапсырма орындауда қиындықтар туындаса оны шешудің жаңа жолдары мен әдістерін ұсына алады. Оқушы өз тәжірибесінде кездескен ақпараттарды пайдалана біледі және жаңа ақпараттардың қарқынды ағымында бағдарлай алады. Мақсатына жету үшін өте үлкен күш-жігерімен табандылығымен сипатталады.

Орташа деңгей (3,0-3,9 балл) зерттелетін мәселені анықтауға, құбылыстар мен процесстер арасындағы байланысты білуге деген ұмтылысымен, қажетті жағдайда білімдерін қолдануымен сипатталады. Мақсатына жету үшін күш-жігері жоғары, басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге тырысады, қиын жағдайда тапсырманы орындаудан бас тартпайды, оларды шешу жолдарын іздейді.

Танымдық белсенділіктің төменгі деңгейі (2,0-2,9 балл) тек алған білімдерін түсініп, еске сақтап және қайталап айтып беруімен және белгілі бір үлгіні қолдана алатын оқушыларды сипаттайды. Олардың күш-жігері тұрақсыз, білімін тереңдетуге деген ынтасы жоқ, қызығушылығы төмен, «Неге?», «Неліктен?» деген сұрақтар қоймайды.

Эксперимент тобында жоба әдісін қолдану оқушылардың жалпы танымдық белсенділіктерінің арту тенденциясын көрсетті (кесте 1).

*Кесте 1 – Эксперимент топ оқушыларының танымдық белсенділіктерін диагностикалау нәтижелері*

Деңгейлер	Эксперимент басында		Эксперимент соңында	
	Бақылау тобы (10 оқушы/)	Эксперимент тобы (11 оқушы/)	Бақылау тобы (10 оқушы/)	Эксперимент тобы (11 оқушы/)
Жоғары	30%	27,3%	30%	36,4%
Орташа	40%	45,5%	50%	54,5%
Төмен	30%	27,2%	20%	9,1%
Жалпы деңгейі, балл	3,29±0,62	3,25±0,59	3,48±0,53	3,89±0,33

Зерттеу нәтижелері бойынша танымдық белсенділіктерінің жалпы деңгейі елеулі дәрежеде артпағанымен, деңгейлер бойынша оң өзгерісті көрсетті. Танымдық деңгейі бойынша жоғары деңгей көрсеткен оқушылар бақылау тобында өзгеріссіз қалса, эксперименттік топта 9,1%-ға артты, орташа деңгей екі топта да 10%-ға артты, ал төменгі деңгей бақылау тобында 10%-ға, эксперименттік топта 18,1%-ға кеміді.

#### **4. Қорытынды**

Қорыта айтқанда биология сабақтарында жоба әдісін қолданудың тиімділігі эксперименттік зерттеу жұмыстарымен расталды. Эксперименттік жұмыс нәтижелері биология сабақтарында жоба әдісін қолдану оқушылардың жобалық құзіреттіліктері мен танымдық белсенділіктері қалыптасуында айрықша мәнге ие болатынын көрсетті. Биология сабақтарында жоба әдісін жүйелі қолдану оқушылардың жүйелік құзіреттіліктері мен танымдық белсенділіктерін дамытудың негізі болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы. Қосымша 3, 4. [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/v1800017669.31-10-2018.kaz>.

Максимов В.Г. Педагогическая диагностика в школе: учебное пособие / М., – 2002. – 270 с.

Стариченко Б.Е. Обработка и представление данных педагогических исследований с помощью компьютера: учебно-методическое пособие / Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т, – 2004. – 218 с.

Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений / М., – 2002. – 368 с.

Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар: әдістемелік құрал / Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, – 2015. – 80 б.

David Andrew A. Using Project-Based Learning to Teach Phylogenetic Reconstruction for Advanced Undergraduate Biology Students: Molluscan Evolution as a Case Study. American biology teacher. Vol. 80, No. 4. – P. – 278-284.

Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы [Текст]: оқулық / Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», – 2011. – 336 б.

Аблайханова Н.Т., Есимова Д.Д., Сайдахметова А.Қ., Мухитдинов А.М., Есенбекова А., Үсіпбек Б. Биология сабағында дидактикалық материалдарды меңгерудегі инновациялық технологиялар жүйесі // ПМУ Хабаршысы. Педагогикалық серия / Павлодар, – 2020. – №2 (2020). 39-51 б.

Семенов А.А. Планирование проектной деятельности учащихся по биологии // Биологическое и экологическое образование студентов и школьников: актуальные проблемы и пути их решения: материалы III международной научно-практ. конф. / Самара: СГСПУ, – 2016. – С. 262-265.

*Мақала редакцияға келіп түсті: 20.04.2021*

**АЛЖАНОВА, Б.С., ҚУАТОВА, И.А.**

### **ВЛИЯНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДА ПРОЕКТОВ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ НА ПОЗНАВАТЕЛЬНУЮ АКТИВНОСТЬ УЧАЩИХСЯ**

*С целью изучения метода проекта и возможности его применения на уроках биологии проводилась экспериментальные исследования. До эксперимента проведено анкетирование учащихся и составлена программа выполнения проекта. Результаты анкетирования показали высокую мотивацию учащихся к выполнению проекта. Это служило основой для использования метода проектов как способа повышения познавательной активности учащихся в процессе обучения биологии.*

*Создание проекта требует много времени и усилий, начиная от выбора темы и названия проекта до его завершения. Результаты эксперимента показали положительную динамику роста познавательной активности учащихся по уровням. Реализация проекта также формирует проектные и исследовательские навыки учащихся.*

**Ключевые слова:** метод проектов, познавательная активность, проектные компетенции, образовательные технологии, творческие способности.

**ALZHANOVA, B.S., KUATOVA, I.A.,**

### **THE INFLUENCE OF THE USE OF DESIGN METHODS IN BIOLOGY LESSONS ON THE COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS**

*In order to study the project method and the possibility of its application in biology lessons, experimental researches were conducted. Before the experiment, a survey of pupils was conducted and a program for the implementation of the project was compiled. In general, the results of the survey showed high motivation of pupils to realization the project. It formed a basis for the use of the project method as a way to increase the cognitive activity of pupils in the process of teaching biology.*

*Creating a project requires a lot of time and effort from the teacher, from choosing the topic and name of the project to its completion. The results of the study before and after the experiment showed a positive dynamics of growth on levels of development of cognitive activity of pupils. The realization of the project increases cognitive activity, forms project and research skills.*

**Key words:** project method, cognitive activity, project competencies, educational technologies, creative abilities.

ӘОЖ 811.512.122

*Нұрмұхаметова, Қ.Т.,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
А.Байтұрсынов ат. ҚӨУ,  
Қостанай, Қостанай*

## САБАҚТЫ ЕТІСТІКТЕР МЕН ЕСІМШЕ ЖҰРНАҒЫНЫҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТІРКЕСІМДІЛІК МАҒЫНАЛАРЫ

### *Түйін*

*Мақалада етістіктің сабақтылық белгісі оның тұлға ерекшеліктеріне емес, лексика-грамматикалық мағыналарына байланысты екендігі, салт етістіктер өзгелік етіс жұрнағы арқылы сабақтыға айналатындығы және етістіктің ерекше формасы есімшелер жайлы айтылады. Етістіктің атрибутивтік қызметі тікелей есімше жұрнақтарының етістікке үстейтін сындық мағынасымен, етістік формаларының грамматикалық мағынасымен байланысатындығы көрсетілген. Сабақты етістіктер мен есімше жұрнағының лексика-грамматикалық тіркесімділік мағыналарының байланысу ерекшеліктерін ашып, олардың арасындағы қатынастарға қатысты көзқарасын білдіреді.*

*Кілт сөздер: сабақты етістік, есімше, грамматикалық мағына, анықтауыштық қатынас.*

### **1. Кіріспе**

Етістік – лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық өрісі күрделі, синтаксистік қызметімен ерекшеленетін қарымы кең сөз табы. Етістіктің лексика-грамматикалық формаларының өрісті болатыны-табиғатта, адам өміріндегі сан алуан іс-қимыл, амал-әрекет, қозғалыс, жай-күй т.б. процестердің, әр түрлі құбылыстардың көрсеткіштері есебінде қызмет етуінде. Ол сөз тіркесінде меңгерушілік қызмет көрсетеді. Сондай-ақ сөйлем құрау, ойды ұйымдастыру жөнінде де етістіктің синтаксистік мүмкіншілігі мол екендігі белгілі. Етістіктердің қайсы болса да субъекті жасайтын амал-әрекетті білдіреді. Процесс сөйлеу тілінде объектіге тікелей не жанама жүзеге асырылып жатады. Етістіктің тікелей объектіні керек ету, етпеуі оның жалпы грамматикалық семантикасына байланысты. Етістіктің басқа семантикалық, морфологиялық формаларынан мазмұны да, тұрпаты да ерекше есімше категориясы екі түрлі қызмет атқарады. Осы сабақты етістіктер мен есімше үлгісіндегі сөз тіркесінің лексика-грамматикалық тіркесімділік мағыналары мақалада зерттеліп, қарастырылады.

### **2. Материалдар мен әдістер**

Сабақты етістіктер мен есімше анықтауыш болған сөз тіркестері компоненттеріндегі бағыныңқы, басыңқы сөздердің лексика-грамматикалық байланыстарын реттейтін тіркесімділік мағыналарын анықтау болып табылады.

Жұмыстың теориялық негізіне ағылшын тілінен аударылған етістікті сөз тіркесі, қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркесі, сөз семантикасы туралы жазылған пікірлер мен тұжырымдамалар қолданылды. Әдіснамалық мәтінін зерттеуде мақал-мәтелдерден, ауызекі тілдерден алынып, талдау жасалды.

Сабақты етістік – табыс септігіндегі тура толықтауышты (тура объектіні) керек ету, керек етпеуі оның грамматикалық семантикасына байланысты. Сен заттарды ал да, үйге бар деген сөйлемнің алғашқысындағы амалда (ал) бірдемені (заттарды) алуды керек етіп, соған тірелетіндей, сабақталатындай қабілет бар. Сабақтылық қасиет тек түбір етістіктерге ғана емес, жалаң туынды, күрделі тіркесті түбір етістіктерде жек көру, келемеж ету, жатып оқу,

өсек қылу т.б. бар қасиет. Мысалы: икемдеу, шегелеу, сынату, салдыру дегендер туынды етістіктер. Салт етістіктер де өзгелік етіс жұрнағы арқылы да сабақтыға айналады. Мысалы: жат-қыз, жет-кіз, тұр-ғыз, көн-дір, кел-тір, т.б.

Етістіктің белгісі оның тұлғасына байланысты емес, оның тура және грамматикалық мағыналарына да байланысты. Етістіктер сөйлемдердің саны мен түріне қарай қосымшасы ретінде қабылданады find, hit, chase сияқты субъективті етістіктер бір нәрсеге тікелей жұрнақ қосуды қажет етеді, ал active немесе sleep сияқты кәдімгі етістіктер объектіні қажет етпейді. Give немесе throw сияқты сияқты ауыспалы етістіктер екі нәрсені қажет етеді, мысалы: мысалы: John threw Mary a ball. Сондай-ақ, көптеген функциялар белгілі бір элементті қажет етеді.

Етістікпен бірге жүретін көптеген зат есім тіркестері олардың аргументі болып табылады. Демек, салт етістіктің бір аргументі: сабақты етістікте екі аргумент бар: тікелей және жанама объект. Етістік аргументінің құрылымы оның мағынасының бөлігі болып табылады және сол етістіктің тура мағынасына енеді. Етістік сөздердегі дәлелдердің санын анықтап қана қоймай, мағыналарын, белгілерін және заттың семантикалық белгісін шектейді. Мысалы, етістік find және sleep етістіктері тірі субъектілерді талап етеді. Кеңінен тараған colorless green ideas sleep furiously мысалы семантикалық тұрғыдан мағынасыз, себебі идея жанды емес [7.24-256].

Зат есім тіркесін сипаттаушы етістіктердің әралуан құрылымды дәлелдері өзге нақты етістіктермен бірігіп келеді. Мысалы, сабақты етістіктер тек зат есімді тіркес объектісін қабылдаса, ал дистрибутивті етістіктер объектілі зат есім тіркесі, тура объектілі зат есімді тіркес және зат есімді тіркесінің жанама объектісі. Тақырыптық рөлдер етістік және оның зат есімді тіркес дәлелдері арасындағы семантикалық қарым-қатынасты сипаттайды. Кейбір тақырыптық рөлдер: агент, әрекетті орындаушы; іс-шараның субъектісі, алушысы; мақсаты; дереккөз; құрал және бастан кешіруші [7.276].

Есімше де етістіктің ерекше формасы. Ол сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады. Бірде жіктеліп келіп, қимылды, іс-әрекетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Бұл – оның негізгі етістікке тән қасиеті. Кейде есімше тұлғалы етістік бүтіндей басқа мәнде, басқа қызметте, заттың сындық қасиетін, қатыстық белгісін білдіріп, заттық мәнде жұмсалады. Осы сияқты есімше тұлғалы етістік бір зат атауын анықтап, септелініп, көптелініп, не тәуелденіп, заттанып қолданылады. Мысалы: көпті көрген көп нәрсені көңіліне тоқиды. Өсер елдің жігіттері бірін-бірі батыр дейді, ішкен-жеген түске жетпес, сый-құрметің естен кетпес (мақал). Есімше болатын сөздердің мұндай қолданысында етістік сияқты қасиет жоқ, керісінше сын есім мен зат есім орнына қолданған. Етістіктің осындай функционалды тұлғаларына есімше деген атау берген А.Байтұрсынов «Тіл – құрал» оқулығында былай анықтама береді: «Есімше дейміз, есім сияқты айтылатын етістіктің түрін, мәселен, айтушы адам, шабатын ат, жазған хат дегенде айтушы, шабатын, жазған деген сөздер есімше болады. Есім сияқты дейтіміз: сын есімше «қандай?» деген сұраққа жауап береді» – дейді [1.251б].

Сонымен қатар, анықтауыш мүше болатын сөз таптарының ішінде есімше түріндегі етістік болатынын да көрсеткен [1.278 б].

Есімше – етістікті адъективтендіретін қосымша. Есімше етістікке сындық мағына үстейді дегенде, ол етістікті сын есімге айналдырады деген сөз емес. Мұнда тек уақытша объективтену ғана болады. Сондықтан есімше тұлғалы сөздер сөйлемде субстантивтенбесе (сол арқылы септік жалғауларының бірінде тұрмаса не жіктелмесе) тек атрибутивтік зат есімге қатысты анықтауыш қызметте ғана кіреді. Есімше тұлғаларының етістіктің шақ категориясына қатысты категориялық грамматикалық мағыналарымен қоса, сөздің бағыныңқы ретіндегі синтаксистік қызметін (етістіктің анықтауыш мүше екендігін) белгілейтін грамматикалық мағыналары да бар. Яғни, етістіктің атрибутивтік қызметі тікелей есімше жұрнақтарының етістікке үстейтін сындық мағынасымен, етістік формаларының грамматикалық мағынасымен байланысып жатады. Есімшелердің негізгі функциясы – объектіге не субъектіге қатысты іс-әрекетті оның сапасына айналдыра отырып белгілі бір шаққа бейімдей көрсетеді.

«Есімше екі түрлі грамматикалық сипатпен бірде әрекетті және соған сәйкес модальділік рай мәні мен шақтық мағынаны, бірде әрекетті, бірде әрекетке байланысты сындық белгіні көрсетіп, адъективтене, атрибуттық қатынаста (немесе сындық мәндегі сөздерше белгілі тәсілдермен заттанып) қолданылады. Есімше етістіктің жеке бір грамматикалық категориясы бола алмаса да, етістікке тән бірінші грамматикалық сипаты мен қосымшасы арқылы қимылға үстелетін модальдік шақтық мәні арқасында етістіктің шақ категориясы бір түрін жасайды, соның бір тұлғалық көрсеткіші болып табылады» [3.286 б]. Есімше зат есіммен анықтауыштық қатынаста, сындық мәнде (кісі бол-ар бала, біт-пе-с іс, көр-етін көз, есті-р құлақ, айт-қан ауыз, бере-ген қол, жақсылығын айт-пақ адамдар) немесе тәуелденіп, көптеліп, септеліп келіп заттанып қолданылса да (айда-ған-ың бес ешкі, ысқырығың жер жарады, жарастыр-мақ жаушыдан, ел-дес-тір-мек елшіден) етістіктен алшақтап, етістіктің грамматикалық категориясын көрсетпей, есім сөздердің грамматикалық сипатына көшеді.

Анықтауыштық қатынасты білдіретін есімшелі есім сөз тіркестеріндегі сөздердің мағыналық қарым-қатынасы осы сөздердің лексикалық мағынасына негізделеді: анықтауыштық қызметтегі есімше сабақты болса: субъектілік (сөйлейтін кісі), объектілік (сөйлейтін сөз), мекендік (сөйлейтін жер), мезгілдік (сөйлейтін күн) т.б.

